

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫ

27 маусым 2022 жыл

№: AIFC-C/CA/2022/0011 ic

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Талап қоюшы

және

«Success K» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

1. Апелляцияға рұқсат алу туралы арыз беру мерзімін ұзарту берілді.
2. Апелляцияға рұқсат алу туралы арызды қабылдаудан бас тартылды.

ШЕШІМ

1. № AIFC-C/CFI/2021/0008 іс бойынша 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешіммен «Астана» халықаралық қаржы орталығының («АХҚО») Бірінші Инстанциядағы Соты АХҚО Халықаралық төрелік орталығында № 2/2021 төрелік іс қарау шеңберінде шығарылған 2021 жылғы 4 қазандағы түпкілікті төрелік шешімге қатысты екі арызды қарады. Бұл шешімде төрелік сот төрелік іс қараудағы талап қоюшы - «Success K» ЖШС-ға («Success») Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне («Министрлік») тараптар арасында Министрлікке Success тарапынан консультациялық қызметтер көрсету жөнінде жасалған Келісімшарт бойынша борыш және тұрақсыздық айыбы ретінде қойылған елеулі соманы берді. Сотқа екі арыз түсті, олар, шын мәнінде, бір-бірінің айнадағыдай көрінісі болып табылады: (1) Success компаниясының арызы төрелік шешімді мойындау және орындау туралы және (2) Министрліктің арызы төрелік шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарамсыз деген негізде төрелік шешімді жоққа шығару және оны мойындау мен орындаудан бас тарту туралы. Шешімде баяндалған себептер бойынша, Сот Success-тің арызын қанағаттандыруды және Министрліктің арызын қабылдамауды қаулы етті.
2. Енді Министрлік АХҚО Апелляциялық Сотына (а) апелляцияға рұқсат алу туралы арыз беру мерзімін ұзарту; (б) апелляцияға рұқсат; және (в) мұндай рұқсаттың берілуінен және кез келген кейінгі апелляциядағы сәттіліктен туындайтын одан әрі қарайғы шаралар жөнінде жүгініп отыр.

Мерзімді ұзарту

3. АХҚО Сотының Қағидаларының 29.8(2) Қағидасы бойынша, апелляциялық төмен тұрған Соттың шешіміне апелляция беруге рұқсат алу туралы арызы Апелляциялық Сотқа апелляция хабарламада беріле алады. 29.10(2) Қағида бойынша, егер төмен тұрған Сот уақытқа қатысты нұсқау бермесе, онда апелляция хабарламасын апелляциялық төмен тұрған Соттың шешімі қабылданған күннен бастап 21 күннің ішінде беруі тиіс. 29.12 Қағидада апелляция, егер апелляция мерзімі өтіп кетсе, апелляция хабарламасын беруі тиістігі және оған (1) мерзімді ұзарту туралы арызды; сонымен қатар (2) кешіктірілудің себебі туралы арыз бен өтінім бергенге дейін қабылданған шараларды енгізуі тиістігі қарастырылған. Апелляция хабарламасына қатысты қосымша ережелер 29.23-29.27 Қағидаларда бар. Апелляция хабарламасының Сотта пайдалануға арналған бөлек нысаны қарастырылмаған. Бұл мақсат үшін талаптың/арыздың стандартты нысаны пайдаланылуы тиіс.
4. 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімге қатысты апелляциялық хабарлама беру мерзімі 2022 жылғы 14 ақпанда өтіп кеткен.

5. Министрлік 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімге «Апелляция беруге рұқсат алу туралы арызды» 2022 жылғы 15 ақпандағы хат нысанында, мерзім өткеннен кейін бір күннен соң жолдаған. Арыздағы апелляция негіздемелері шын мәнінде талаптың/арыздың тиісінше толтырылған, 2022 жылғы 18 мамырда тіркелген (төменнен қараңыз) нысанына тиісті түрде енгізілген негіздемелермен бірдей. Алайда, мерзімі өтуінен басқа, оның көптеген кемшіліктері де бар болды: (i) онда мерзімді сақтамаудың себептері көрсетілмеген (және кейіннен ешқандай себеп ұсынылмаған); (ii) ол тиісті нысанда құрастырылмаған; (iii) ол тек орыс тілінде, 2.3 Қағидада талап етілгендей және тиісті нысанның беткі жағында айқын көрсетілгендей, ағылшын тіліне аударусыз құрастырылған; және (iv) ол АХҚО Сотының аппаратына емес, АХҚО Әкімшілігіне жіберіліп, ол дереу оны Аппаратқа жіберген. Дәл сол күні, 15 ақпанда, Аппарат Министрлікпен оның іс мәселелері бойынша Аппаратпен тікелей байланысуы керектігін хабарлау, тиісті байланыстық деректерді растау және Министрліктің хатты ағылшын тілінде Аппаратқа электрондық пошта арқылы жіберуін сұрау үшін байланысты. Хатты Аппарат ағылшын тілінде электрондық пошта арқылы 18 ақпанда алды. 21 ақпанда Аппарат Министрлікке талаптың/арыздың нысанын жіберді және Министрліктің нысанды толтырып, оны Министрлікке тиісінше түрде беруін өтінді. Аппараттың ұсынған ақпаратқа сәйкес, бұдан кейін 11 мамырда арыз ресми түрде Аппаратқа жолданып, 18 мамырда ол мөрмен куәландырылғанға және оған қол қойылғанға дейін, Министрлік (онда кадрлық өзгерістер болған) пен Аппарат арасында әртүрлі келіссөздер жүргізілген. Министрліктің мәлімдеуі бойынша, арыздың толтырылған нысаны электрондық пошта арқылы наурыз айының басында жіберілген, бірақ кейіннен мәтінді сәйкестендіріп, аудару үшін хат алмасу және келіссөздер жүргізілген. Бұл әрекеттер арасындағы шамалы айырмашылық ешқандай әсер етпейді.
6. Бұл мерзімінен кешіктірілу тиісті Қағидаларды бастапқыда орындамаудың нәтижесінде туындаған өкінерліктей жай. АХҚО Сотының Қағидалары Сотта әділ сот атқарудың негізінде жатыр және олардың орындалмауын ақтау мүмкін емес. Алайда, мен Сот процедуралары, соның ішінде апелляциялық процедуралар сот процестерінде көптеген тараптарға әлі де салыстырмалы түрде таныс емес екенін және Министрліктің тиісінше нысанда толтырылған арызды беруді кешіктіруін осындай білместікпен жарым-жартылай түсіндіруге болатынын назарға аламын. Бұдан басқа, Министрліктің негіздемелерінің мәні арыздың бастапқыдағы ерте сатысында – мерзім өтіп кеткеннен кейін небәрі бір күннен кейін (орысша нұсқасында) немесе төрт күннен кейін (ағылшыншаға аудармасында) баяндалғаны маңызды жағдай болып табылады. Тағы бір дәлелдеме - кешіктіру Success компаниясына ешқандай залал келтірмеген сыңайлы: Success компаниясының мерзімді ұзартуға қарсы жазбаша наразылығында ешқандай залал туралы айтылмаған және түпкілікті шешімге сәйкес Success компаниясына төленуге жататын ақшалай қаражатты, Сотқа белгілі болуынша, Министрлік толық көлемде төлеген.
7. Барлық мән-жайды назарға алып және сот шешімін орындай отырып, мен Министрлікке талап етілетін мерзімді ұзарту керек деген қорытындыға келдім. Бұдан шығатыны, Министрліктің апелляцияға рұқсат алу туралы арызын мәні бойынша Сот қарауы тиіс және сондықтан мен осы арызды қарауға көшемін.

Апелляцияға рұқсат алу туралы арыз

8. АХҚО Сотының Қағидаларының 29.6 Қағидасында егер Сот немесе Апелляциялық Сот (1) апелляцияның сәтті болуының нақты мүмкіндіктері бар деп немесе (2) апелляциялық шағым қаралуы үшін тағы бір салмақты себеп бар деп есептесе, апелляцияға рұқсат беруге болатындығы қарастырылған. 29.7 Қағидаға сәйкес, апелляцияның сәтті болуы елеулі процессуалдық немесе сот өндірісін басқалай бұзушылық себебінен төмен тұрған Сот шешімі (1) дұрыс емес немесе (2) әділсіз болғанын анықтауға байланысты
9. Министрліктің апелляцияға рұқсат туралы арызы мәні бойынша бес негізді алға қояды, оларды мына түрде түйіндеуге болады:
 - (1) төрелік соттың және Брінші Инстанциядағы Соттың шарттық міндеттемелерді орындамаудың және еңсерімейтін күш мән-жайларының салдарын болжамды назарға алмауы және қолданылатын құқыққа (атап айтқанда Қазақстан Республикасының құқығына) сәйкес оларға құқықтық бағалау бермеуі;
 - (2) Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкінсіздігін ескере отырып, Министрлік 2020 жылғы 14 тамызда Келісімшартты бұзу туралы заңды хабарлама жібергені және, яғни, Келісімшарттың қолданылуы осы күннен бастап тоқтатылғаны туралы дәлелдеме;
 - (3) Бірінші Инстанциядағы Сот шарттық міндеттемелердің орындалғанын Министрлік мойындағанын, бірақ олар сапалы түрде орындалмаған деп санағанын, сонымен қатар көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау үшін Соттың жеткілікті біліктілігі жоқтығы туралы мәлімдегенін назарға алмағаны болжалды;
 - (4) Келісімшарт бойынша көрсетілген қызметтердің актілеріне оларға қол қоюға өкілеттілік берілмеген адамдардың қолы қойылғаны және бұл актілер шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалғанының дәлелі бола алмайтыны туралы дәлелдеме; және
 - (5) Success Келісімшартты оның шарттарын бұзумен орындағаны туралы; Келісімшарттың қолданылу мерзімінің таусылуы тараптардың міндеттемелерінің тоқтатылуын әкелгені; Министрлік Success берген есептердің негізінде Келісімшартты бұзу күніне дейін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу үшін негіздер жоқ деп анықтағаны; және Министрліктің орындалған жұмыстар туралы актіге қол қою міндеттемелері тоқтатылғаны туралы дәлелдемелер.
10. Бұл негіздер іргелі қиыншылықтарға кезігіп отыр.
11. Біріншіден, олар Бірінші Инстанциядағы Сотта қаралған мәселелерді қозғамайды және Министрлік шағым жасауға талпынып отырған шешімнің нысанасы болған. Жоғарыда көрсетілгендей, Министрліктің бұл Соттағы дәлелдемелері төрелік келісім, ол Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылып, мемлекеттік мүлік үшін жауапты мемлекеттік

органның келісімін алусыз жасалғандықтан, жарамсыз болғандығында болып табылады. Бұл іс Сот шешімінде толық баяндалған себептер бойынша қабылданбаған, онда Министрлік істі баяндаған негізгі тәсіл де, сол сияқты, болжам бойынша, Сотқа берілген арызда алға қойылған балама немесе қосымша ұсыным да қарастырылған. Апелляцияға рұқсат алу туралы арызда баяндалған негіздемелер бұл себептерді қозғамайды. Олар Сотта түпкілікті төрелік шешімді жоққа шығару немесе оның күшін жою туралы Министрліктің өзінің арызында да, төрелік шешімді мойындау және орындау туралы Success компаниясының арызында да қозғалмаған мәселелерді көтереді. Олар қарастырылып отырған мәселелер бойынша Сот шешімінің дұрыстығына күмән келтіруге негіздеме бермейді.

12. Екіншіден, негіздемелерде көтерілген мәселелер, тіпті егер олар Бірінші Инстанциядағы Сотта көтерілсе де, түпкілікті төрелік шешімді даулау үшін тиісінше негіз болмас еді. Олар Министрліктің төрелік соттағы ісінің мәніне қатысты. Жалпы, олар төрелік шешімді сотта даулауға болатын саны шектеулі негіздемелердің шегінен асады.
13. АХҚО Төрелік регламентінің 44-Қағидасында (АХҚО Басқару Кеңесінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы шешімімен қабылданған) мыналар қарастырылған:

“Төрелік шешімді жоққа шығару туралы өтінішхат

- (1) АХҚО шығарған төрелік шешімді жоюға қатысты сотқа жүгіну осы баптың (2) және (3) тармақтарына сәйкес тек жоққа шығару туралы арыздың негізінде ғана мүмкін болады.
- (2) Мұндай арыз тек АХҚО Сотына ғана беріле алады. Төрелік шешімді АХҚО Соты мына жағдайда ғана жоққа шығаруы мүмкін:
 - (a) арыз беріп отырған тарап:
 - (i) Төрелік соттың тарапы төрілік келісімді жасасу сәтіне әрекет етуге қабілетсіз болғанының; немесе қолданылатын төрелік келісім құқығына сәйкес немесе, қандай да бір нұсқаулар жоқ болған жағдайда, АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес аталған келісім жарамсыз екенінің;
 - (ii) арыз беріп отырған тарапқа төрешінің немесе төрілік іс қараудың тағайындалғаны туралы тиісті түрде хабар берілмегенінің немесе ол өзінің түсініктемелерін өзгеше түрде бере алмағанының;
 - (iii) төрелік шешім төрелікке беру шарттарында қарастырылмағандығының немесе оның аясына түспейтін дауға қатысты болып табылатынының немесе онда төрелікке беру шарттарының шегінен асатын мәселелер бойынша шешімдер бар екендігінің ...
 - (iv) төрелік трибуналдың құрамы немесе төрелік процесс тараптардың төрелік келісіміне сәйкес келмегендігінің дәлелдерін берсе ...
 - (b) АХҚО Соты:

- (i) даудың нысанасы АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес төрелік жолымен реттеле алмайды;
- (ii) шешім Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді деп анықтаса.

(3)”

- 14. 47-Қағидада төрелік шешімді мойындаудан немесе орындаудан бас тартудың негіздемелеріне қатысты параллель ережелер бар.
- 15. Бірінші Инстанциядағы Сот қараған арыздар төрелік шешімнің жарамдылығына - 44(2)(a)(i) Қағиданың және параллель 47(1)(a)(i) Қағиданың қолданылуы аясына түсетін мәселеге қатысты болды. Екінші жағынан, апелляцияға рұқсат туралы арыздың негіздемелері төрелік шешімнің жарамдылығына немесе төрелік шешім жоққа шығарылуы мүмкін немесе оны мойындаудан және орындаудан бас тартылуы мүмкін қандай да бір басқа негіздемелерге қатысты емес.
- 16. Осы себептердің барлығы бойынша Бірінші Инстанциядағы Соттың шешіміне апелляцияның сәтті болуының мүмкіндігі жоқ. Апелляция қаралуы тиіс болатындай басқа салмақты себептер де жоқ.
- 17. Сондықтан апелляцияға рұқсат туралы арыз қабылданбауы тиіс.

Сот қабылдады,

Өкілдік ету:

Министрлік атынан Жасұлан Әбілқайыров мырза өкілдік етті.

Success атынан Ерболат Хасанов мырза өкілдік етті, SNK Responsa.